



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Unlike foreign translation studies, where it is preferable to use the term “equivalence”, the category of adequacy has taken its place in the domestic theory of translation. Despite the identification of equivalence and adequacy in the works of individual authors, these are self-regulatory concepts, which, however, are interrelated and intertwined in translation theory and practice.

Category of adequacy is bigger than that of equivalence whereupon it is more difficult to formalize it. Adequate translation must be equivalent by definition, so it serves the implementation of the pragmatic task at the highest possible level of equivalence. On the other hand, a translation which is completely equivalent only at one of the level of equivalence is likely to be inadequate.

Adequacy is applicable to the process of translation, and primarily to the pragmatic component of this process; however, the authors of the largest translation-critic concepts recognize its assessment- normative character whereupon criteria of adequacy can be employed to analyze the results of the translation process

The essence of adequate translation is treated differently: it is defined as the execution of similar semantic and literary functions (A.V. Fedorov), as the correspondence to the segment of reality (Zh.K. Karakuzova), as correspondence to the communicative situation (A.D. Schweitzer), as the use of replacements and correspondences (G.K. Kapysheva), as providence of necessary completeness of cross-lingual communication (V.N. Komissarov). However, almost all the authors of the original concepts keep to the opinion that namely preservation of the content and form of the original is an integral feature of adequate translation; wherein the transfer of content with the pragmatic intention (the purpose of communication) is a priority and, subject to the objective necessity, can change the shape of the original message.

References

1. Комиссаров В.Н. Теория перевода (лингвистические аспекты). – М., 1990. – С.246
2. Федоров А.В. Основы общей теории перевода. – М., 1983. – С.127
3. Каракузова Ж.К. Стилистическое единство оригинала и сохранение его в переводе с казахского языка на русский (на материале романа-эпопеи М. Ауэзова "Путь Абая"): Диссертация ... кандидата филологических наук. - Алма-Ата, 1984. – С.63, 74, 75
4. Бархударов Л.С. Язык и перевод. – М., 1975. – С.190, 125, 132
5. Капышева Г.К. Межъязыковые фразеологические эквиваленты семантического поля «страх» в разносистемных языках: на материале немецкого, английского, русского и казахского языков: Диссертация ... кандидата филологических наук. – Алматы, 2006. – С.32

УДК 811.11-112

АУДАРМА ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІСТЕР ТУРАЛЫ

Бейсенова Гүльназ Амангельдыевна

beisenova8890@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Л.Б. Киманова

Қазақ тіл білімінде аударматану мәселесі – өткен XX ғасырдың соңғы жылдарында ғана қолға алынған жаңа сала. Сол саладағы мәселелердің бірі – аударма әдістері.

Аударма үдерісінде қолданылатын әдістерді қарастыру алдында біз жалпы аударма анықтамаларын келтіруді жөн көрдік. Аударманы ғалымдар «аудару барысында оның тілдік жаңа бейнесі мен стилистикалық формасын тудырып, әрі бір мәтіннің екінші мәтінге түпнұсқаның стилистикалық және өзіне тән басқа да ерекшеліктерін басым түрде сақтай отырып, өзгертетін үрдіс ретінде тілдік мәтіннің қайта туындауы» деп қарастырады [1, 38].

Аударма теориясының қалыптасуына үлес қосып жүрген ғалым С.Н.Сыроваткиннің пікірінше, аударма бұл тілдегі мәтіннің (түпнұсқа) екінші тілдегі мәтінге (аударма тілі) ауысуы, «түпнұсқа мен аударылатын мәтінді бір-біріне балама тіл, яғни коммуникативтік және одан тыс қызметте өзіне ұқсас қызметті атқаруға мүмкіндігі бар балама тіл» болады [2, б.74]. Сонымен қатар, А.Ф.Ширяевтің анықтамасы бойынша, «аударма бұл – арнайы тілдік қызмет. Ол қызмет бір тілдің сөйлеу ерекшеліктерін басқа тілдегі соған сәйкес сөйлеу ерекшеліктері арқылы қайта туындату мақсатында қолданылатын екі тілге сүйенеді» [3, б.12.].

И.И.Ревзин мен В.Ю.Розенцвейг аудармашы сөздікке, мәтіннің кең ұғымына және өзінің бұрынғы тәжірибесіне қарамастан, түпнұсқаны алдын ала бекітілген тіларалық сәйкестіктерді пайдалана отырып аударған дүниелерді аударма деп, ал аудармашының көрсетілген феномендерді ескерген тұстарын «интерпретация» деп атауды ұсынады.

Бұл кезде аударманың инварианты сол мәтіннен түсетін ақпараттың мағынасы болып саналады. Ол кез келген бір тілден тыс қатынасқа қатысты емес, делдал жасанды тілге – қарапайым мағыналық бірліктердің жиынтығына қатысты анықталады. Бұл тілдік аударма машиналық аударманы жүзеге асырудың бірден бір жолы болып келеді [4, б.56.].

В.Н.Комиссаров “интерпретация” термині аударма әдебиетінде кемінде төрт мағынада қолданылады деп санайды [5, б.69].

Бұған қоса өзге де анықтамалар бар: Ж.Мунэн аударманы «тілдік байланыс және билингвизм құбылысы» дейді де, осы аталған екі құбылыстың бірінде тіларалық интерпретацияланған үрдіс” орын алады деп тұжырымдайды [6, б.37.].

Осы жерде жалпы аудару үрдісіне қойылатын талаптарды ескеру жөнінде айтып кеткеніміз де жөн деп санаймыз. Сапалы, аудармашылық деформациясы жоқ шын аудармаға жету үшін аудармашы

- аударма сапасын анықтайтын нормаларды (аударманың эквиваленттілік нормасын, жанрлық-стистикалық нормасын, аудармашылық сөйлесудің нормасын, прагматикалық норманы, конвенционалдық норманы) сақтауы қажет [7, б.223];

- белгісі бар және мәндік әдістерді қолдануы керек [8, б.105];

- жалпы тек қана кең қолданылатын әдістерді (мәтінді сегментациялау әдісі, жазу әдісі, бірінші / аударылатын мәтінді трансформациялау әдістерін) қолдануға міндетті емес, өйткені аударма ісі – шығармашылық үрдіс болып келеді, әрбір аудармашы өзіне лайықты әдісті тандап жасауға құқығы бар [8, б.105].

Соңғы ойды жалғастыра отырып, жалпы аударма теориясы мен практикасы пәнінің шеңберінде қолданылатын арнайы – мамандандырылған – әдістерін қарастырайық. Осы әдістерге мәтінді сегментациялау, трансформациялық талдау, дистрибутивтік талдау, мәтінді түсіну мен түсіндіру сияқты зерттеу әдістерін жатқызуға болады.

Аудармашылар жиі қолданатын мәтінді **сегментациялау әдісін** Р.К. Миньяр-Белоручев ұсынған.

Ғалымның ойынша, мәтінді сегментациялау әдісінің мәні – мәтіннің сегментациясында және белгілі нобай бойынша бірқатар іс-әрекеттер жасауда: 1) қайта өңделуге тиіс мәтін үзіндісін анықтау; 2) әрбір сөйлеу мәтінінде басты жалғыз ақпаратты бөліп алуға мүмкіндік беретін мәтін сегментациясын жасау; мәтін сегменттерін бөлу бағыныңқы сөздің басыңқы сөзге ілесуіне сөйлеу желісінің үзілмеуін сақтау принципіне негізделеді; 3) әрбір сөйлеу сегментінде басты ақпаратты бөлу; сөйлесу сегменттері әр мәнді бола алады; кейбір сегменттерде ақпараттың екі бірлігін бөліп алуға болады; 4) әрбір сегментте басты ақпаратты бөлгеннен кейін, оны жазып алады, ондағы белгілі бір бейне-символдарды, таңбаларды қолдануға болады; 5) белгі-символдардан өңделіп, дамытылған мәтінге көшуге болады. Аудармашы символикалық таңбаларда жасырынған ақпаратқа сүйене отырып, мәтінді жаңадан құрастыруы қажет; 6) мәтіннің жобасы дайындалғаннан кейін қорытынды кезеңге – дайын мәтін құрастыруға көшуге болады. Ол үшін мәтіннің жобасын түпнұсқамен салыстыра отырып (бұл жерде салғастыру әдісі пайда болады), мәтінге бұған дейін көрсетілмеген ақпаратты енгізу керек [8, б.108].

Ал аударма үдерісіндегі **трансформация әдісіне** келсек, оны белгілі-бір тілдегі сөздік және грамматикалық ережелерге сәйкес келетін мазмұнды екінші тілде оқырман (сөйлеуші) түсінетіндей қылып алмастыру деп анықтауға болады. **Трансформациялық талдау әдісі** семантикалық өрістің бірдей ортадағы, бірақ-та, дамымаған, ішінара ұқсас ортада тұрған, әр түрлі ортадағы, алайда бірдей дистрибутивтік формулалары бар жекеленген сөздерінің мәндерін ажырату үшін қолданылады.

Трансформациялық талдаудың көмегімен дистрибутивтік деңгейде айтылмаған семантикалық айырмашылықтарды анықтау мүмкін болады. Осы трансформациялық талдау әдісі ғалымдар З. Харрис пен Н. Хомскийдің тілдегі трансформациялар туралы ілімінің негізінде пайда болған [9, б.232-286]; [10, б.155-210]. Жалпы Хомскийдің алғашқы концепциясының негізінде жатқан «трансформациялық ереже» оның ұстазы З. Харриспен анықталған. Трансформация деп кең мағынасында белгілі бір ережелер бойынша жүргізілетін сөйлемдердің түрлендірілуі түсіндіріледі, соның барысында жаңа сөйлем бастапқы сөйлеммен лексикалық құрамы жағынан бірдей шығып, жалпы құрамы жағынан бөлек, өзгеше болады.

Грамматикалық трансформациялар әдісі ұғымына келсек, ол түрлі тілдерде сәйкес келетін және логикалық-синтаксистік байланыстары мен лексикалық құрылымының ортақтастығымен сипатталатын «ядролық синтаксистік құрылымдарды» түрлендіру операциясын өткізу үдерісінде қолданылады. Бастапқы мәтін тікелей құрастырушылар болатын ядролық құрылымдар жиынтығына минималдандырылады. Сонда құрылымы басқа сөйлемдердің құрылымын түсіндіріп беретін сөйлемдер ядролық трансформациялар болып келеді. Бұл кезде трансформациялау әдісімен бір немесе бірнеше ядролық сөйлемдерден тілдің барлық сөйлемдерін құрастыру мүмкін болады.

З. Харрис трансформациялардың тұтас тізімін жасады, ол былай беріледі: 1) пассивтік трансформация; 2) кіріспе трансформациясы; 3) сөздер ретінің трансформациясы; 4) номиналандыру трансформациясы; 5) адъективтендіру трансформациясы; 6) есімдік трансформациясы; 7) игеру трансформациясы; 8) элиминдендіру трансформациясы [10, б.155-210]. Осы тізімге субстанциялау трансформациясы, сұраулы сабақтастық трансформациясы мен салыстырушылық трансформациясын да қосуға болады. Трансформацияда ядролық сөйлемдер жайылмалы болып, ядролық құрылымдар жиынтығы аударма тілінің эквивалентті құрылымдарымен араласады.

Мысал келтірейік: бастапқы тілдегі ядролық сөйлем аударма тілінде келесі трансформацияға түрленуі мүмкін: 1) пассивтік трансформациясына: *инженер комбайынның жобасын дайындады*; 2) кіріспе трансформациясына: *инженер, сөзсіз, комбайынның жобасын жедел дайындады; қуанышына қарай, инженер комбайынның жобасын уақытында дайындады*; 3) сөздер ретінің трансформациясына инверсия трансформациясы жатады: *инженер комбайынның жобасын дайын етті*; 4) номиналандыру трансформациясы: *инженердің жобаны дайындауы – жеңіл жұмыс емес*; 5) салыстыру трансформациясына: *комбайынның жобасын, архитекторға қарағанда, инженер жақсылау дайындайды*; 6) элиминдендіру трансформациясына: *комбайынның жобасы*; 7) сұраулы сабақтастық трансформациясына *комбайынның жобасын инженер жасап еді ме? /жасады ма?* 8) күрделендіру трансформациясына: *инженер комбайынның жобасын екі апта істеп, дайындады*; 9) жайылмалы трансформацияға: *инженер комбайынның жобасын өте қысқа уақытта дайындап, оны техникалық-конструкторлық бюроның қарауына ұсынды*; 10) бекерге шығару трансформациясына: *инженер комбайынның жобасын бекітілген уақытқа шейін дайындай алмады*.

Келесі **дистрибутивтік талдау әдісіне** қарасақ, олбір элемент кездеспейтін ортада өзгешелігі бар басқа элемент кездесетін орталардың жиынтығын зерделеуге негізделген.

Әдістің атауы З. Харристен алынған. Оның ойынша, дискурстық талдау – сөйлеу тілін немесе тілдің жазба формасын талдау әдісі. Бұл әдіс – формалды әдіс, өйткені ажырату элементтер ретіндегі морфемалардың жиі кездесетіндігіне сүйенеді. Әдіс мәтінге кіретін белгілі бір морфемалар туралы жаңа ақпарат бермейді. Бірақ-та «дескриптивтік-

лингвистикалық әдітермен ұқсас болатын формальды процедуралармен пайдалансақ та, біз зерттелетін нақты мәтін немесе ақпарат туралы жаңа ақпарат ала аламыз. Ол ақпарат дескриптивтік лингвистиканың шеңберінен шығады» [11, б.355].

Бұл әдісті қолдану арқылы өзара байланысты екі мәселені шешуге болады: а) дескриптивтік лингвистика әдісі бір бөлек алынған сөйлемнің шеңберінен шығып, әрі тарайды, б) мәдениет пен тіл бір-бірімен байланыста болады [12, б.297].

Сөздердің бірдей болатын дистрибуциясы олардың мәндерінің жақын болуын дәлелдейді. Осы семантикалық өріс сөздерді туыстас мәндермен шын мәнінде жинап біріктіреді деп санауға негіз береді. Екіншіден, осы дистрибутивтік әдіс арқылы өрістің жекеленген сөздерінің семантикалық көлемін анықтауға болады.

Дистрибутивтік талдау негізінде сөздер тіркесімін де талдауға болады, өйткені стилистикалық және эмоционалдық сипаттамасын қосып алғанда сөз мәнінің негізгі элементтері дистрибуциясында, тіркесінің құрылымдық моделдерінде көрініс табады. Шет тілдің сөзін (элементін) кездестіретін барлық дистрибуцияларын талдап, сөздердің мәндеріндегі жақындықтар мен айырмашылықтар туралы жалпы қорытынды жасауға болады. Шет тіл сөздерінің семантикалық көлемін анықтау үшін түрлі формалары бар семантикалық өріс конституенттері дистрибуциясының өзгешіліктерін ескеру қажет.

Көбінесе семантикалық өріс конституенттерінің дистрибуциясы төрт типті болады: 1) сәйкес келетін дистрибуция, онда екі конституент өзіндік, арнайы болмай тек ортақ болады; 2) қосымша дистрибуция, онда талданылатын сөздердің орталарында ортақ мүшелер, қиылысулар жоқ болады; 3) аралас дистрибуция, онда өрістің бір сөзінде ортақтастарға бірінші ортамен ғана ортақтасатын басқаларында жоқ өз орталары бар болады; 4) ішінара дистрибуция, онда орталар қиылысады, өйткені екі конституентте ортақ та, өзіндік те орталар бар болады.

Дистрибутивтік талдау екі кезеңде жүзеге асады. Біріншіден, шет тілдік сөздің барлық ортасы белгіленеді, дистрибуция типтері анықталады. Содан кейін құрастырылып отырған сөздің мәндері мен орталары ұқсастырылады – ұқсастық пен айырмашылықтар негізінде дистрибуциялардың бірнеше мәтіндік бірліктері тағы да біріктіріледі. Мұнда сөздің бірдей дистрибуциясы мәндерінің жақындығын көрінеді, сонда қосымша дистрибуциялар жағдайында жалғыз сөздің түрлі мәндері кездеседі.

Көпмағыналы сөздің мағыналар жиынтығы оның семантикалық құрылымы мен сөз үшін ықтималды болатын мәндерінің құрылымдық көптілігін және қолданғанда түрлі контекстте байқалатын және өзара қосымша дистрибуция қатынасында тұратын мәндер нышандарын құрайды [13, б.29].

Мәтінді түсіну мен түсіндіру (интерпретациялау) әдісі

Түсіну туралы мәселе Аристотель шешендігі пайда болған заманнан бері қарастырылуда. Кейін түсіну мәселесін түсінудің герменевтикалық дәстүріне сәйкес мәтіндер мен мәдениет құбылыстарын тұтас контексте түсіндіру процедурасына бағдарланған герменевтикалық бағыт өкілдері (Ф.К. Савиньи, Д. Вико, Ф.Шлейермахер, М.Хайдеггер, Х.Г. Гадамер, В.Дильтей) зерттеді. Философиялық герменевтика шеңберінде герменевтикалық шеңбер қағидаларын ескеру түсінудің аса маңызды ерекшелігі болып табылады, соған сәйкес тұтастай түсіну үшін құрамдас бөліктерін түсіну қажет, алайда жекелеген бөліктерін түсіну үшін тұтастың ойы туралы түсінік болу керек [13, б.29]. Мәтін – интерпретацияның төрт деңгейінде интерпретацияланатын тұтастық: 1) грамматикалық (сөздерді, олардың мәндерін, этимологиясын талдау); 2) стилистикалық (автор қолданған бейнелеу құралдарын талдау); 3) тарихи (шығарма тууының нақты жағдайларын табу); 4) жеке адамның ойлау деңгейінде түсіну (айтылғанның объективтік-заттық және субъективтік ойын ұғуға ықпал ететін факторларды талдау) [14, б.51].

Ал Ф. Шлейермахер бойынша, түсініктің өзі мәтіндерге де, адамдардың сұхбатына да қатысты. Сұхбат үдерісінде бір мезгілде ақыл-ойдың екі операциясы атқарылады. Бірінші операцияның мақсаты – белгілі бір ойды сөзбен жеткізу, сөйлегенде айтылғанды түсіну. Дайын мәтінде интерпретанттар мәтінді тек ғана түсінумен шектемей, ойды тұжырымдайды.

Түсіну автордың мәтінге айналдырған ойының реконструкциясы ретінде қарастырылғанда, оны түйісіктік таным сияқты қарапайымдандыруы болып шықты. Ф. Шлейермахердің осы түсіну тұжырымдамасы оның кемшілігі болып табылды [15].

3. Дильтей де түсіну үдерісінде түйісікпен танудың мәнін айтып көрсетеді. Оның ойынша, түсінуге субъектінің рухани қызметінің нәтижелері объективтендірудің арқасында қол жеткізеді. Онда қиял мен түсініктің қайта түрленуі түсіну құралдары болып табылады, интерпретанттар автордың рухани әлемін солардың көмегімен түсінеді [16, б.322-345]. Дильтейдің бұл тұжырымдамасының кемшіліктері – олардың психологиялық және субъективтік түсіндіру шеңберімен ғана шектелуі.

Аудару жағдайында ойға түйісікпен ғана жетісумен шектелуге болмайды, себебі барабар аудару мәтінді терең деңгейде түсінуді қажет етеді. Мұндайда мәтінді жан-жақты, ыждаһатты түсіну керек, бұл мәтінге толық та терең байлауды білдіреді және объективті-тарихи материалды (нақты және ғылыми) белгілі бір дәуір мәдениетінің өкілі ретінде түпнұсқа авторының білумен, сол сияқты мәтінді логикалық талдаумен және теориялық пайымдаумен байланысты [13, б.30].

Мәтінді толық түсіну бірнеше деңгей бойынша жүзеге асырылады.

Бірінші деңгейде аудармашының назары үш негізгі логикалық координатта (рухани-практикалық қызмет, коммуникация және құндылық) болады, себебі түсіну адам өмірінің құндылық өлшемімен оның коммуникацияда туатын және сонда өткерілетін практикалық қызмет өлшемімен байланысты [17, б.23]. Түсіну үдерісі үшін ойды ажырату қызметі елеулі аспекті болып табылады, сондықтан ол сол ойды таңбаға немесе заттанған білім әлеміне айналдырушы мен сол ойды ажырата білушінің қызмет тәсіліне белгілі бір сәйкестік болған жағдайда ғана түсінікті болады.

Мәтін авторы мен аудармашының таңбалық сөйлеу-ойлау қызметінің ортақтастығы аудармашының автордың мәтінде айтпақ ойын түсінуіне көмектеседі. Алайда ойды бұлайша түсіну коммуникация барысында ақпарат алмасу үдерісінде ғана мүмкін болады. Мәтін авторы мен аудармашының арасында ақпарат алмасу автордың рухани-практикалық қызметінің ой мазмұнына белгілі бір түрде білдіретін артефакт-мәтіндер арқылы жүзеге асырылады.

Екінші деңгейінде аудармашы өзінің мәдени болжау үдерісін тереңдетеді. Ол бастапқы және аударылатын тілдердің тілдік жүйелерін салыстырады, тілдердің номенклатуралық суретін табады, табиғи тілдерде элементтері референттер жүйесі сияқты нақты объектілермен байланысты бола бермейтіндіктен, оның барабар болмайтынын белгілейді. Аудармашы сол тілдің иесі болғанмен, автор өмір сүрген социумға қатысы болмаса, сол қоғамның мәдениетін меңгеруге, сол қоғамның мәдениетінің шеңберінде мәдениеттену мен әлеуметтену үдерісінен өтуге тиіс. Сонда ғана ол мәтін авторының ойы мен ниетіне сәйкес мәтінде дәл мағынасында түсіндіре алады.

Ғалым Т.О. Есембеков айтуынша, «Аударылатын мәтінді тәржімалауға дайындық көп сөз болғанымен, ол мәтінді қабылдау, түсіну, талдауға ғана негізделген, ал оны бағалау мен теңестіру (идентификация) сияқты әрекеттер сөз бола бермейді. Осы кезеңде қоғамдық, әлеуметтік, тарихи, адами факторлар мен ақпараттарды жинау, жүйелеу, талдау, қорыту сияқты аудармашы үшін өте бағалы әрекеттер жүзеге асырылуы тиіс. Түпнұсқада оқырманы мен аударманың оқырманының арасындағы білім мен біліктілік айырмашылығы өз алдына, олардың қабылдау жүйесінің ерекшеліктері де бар ғой. Түпнұсқаға интерпретация жасау барысында бұларды ескеру міндетті болғаны жөн» [18, б.6]. Сөйтіп, кез келген сапалы аударма интерпретация болып табылады.

Қай уақытта болмасын, қоғам өмірінің ілгері дамуына аударма өнерінің қосқан үлесі айрықша, өйткені әдебиет, мәдениет, экономика, білім беру, халық шаруашылығы, өнеркәсіп және медицина салалары аударма арқылы қанаттанып, қалыптасып отырады.

Қолданылған әдебиет

1. Попович А. Проблемы художественного перевода. – М., 1980. – 199 с.

2. Сыроваткин С.Н. Теория перевода в аспекте функциональной лингвистики: уч. пособие. – Калинин, 1978. – 82 с.
3. Ширяев А.Ф. Пособие по синхронному переводу. Французский язык. – М., 1982, 193 с.
4. Ревзин И.И., Розенцвейг В.Ю. К обоснованию лингвистической теории перевода // Вопросы языкознания. – № 1. –1962. – С. 51-59.
5. Комиссаров В.Н. Лингвистика перевода. – М.: Международные отношения, 1980.
6. Мунэн Ж. Теоретические проблемы перевода. Перевод как языковой контакт // Вопросы теории перевода в зарубежной лингвистике. М.: Международные отношения, 1978. –С. 36-41.
7. Комиссаров В. Теория перевода.– М.: Высшая школа, 1990. – 250 с.
8. Миньяр-Белоручев, Р. К. Теория и методы перевода. – М.: Московский лицей, 1996. –190 с.
9. Chomsky N. Conditions on transformations // Festschrift for Morris Halle. N. Y.: Holt, Rinehart & Winston, 1975. – P. 232-286.
10. Harris Z. S. Co-occurrence and transformation in linguistic structure // Lg. 1957, v. 33, № 3 (pt.1): 283-340. Reprinted // The structure of language: Readings in the philosophy of language. Englewood Cliffs (N. J.): Prentice Hall, 1964. – P. 155-210.
11. Harris Z. S. Discourse analysis // Lg., 1952. Vol. 28. № 1. P. 1-30. Repr. // The structure of language: Readings in the philosophy of language. Englewood Cliffs (N. J.): Prentice Hall, 1964. P. 355-383.
12. Демьянков В.З. Доминирующие лингвистические теории в конце XX века // Язык и наука конца 20 века. – М.: Институт языкознания РАН, 1995. –С.239-320.
13. Әбішева К.М., Рахимжанов Қ.Х. Аударма теориясы мен практикасының негіздері: оқулық. – Астана: Тұран-Астана, 2011. – 243 б.
14. Gadamer H. Kleine Schriften, Tübingen, 1967. – P. 46-58.
15. Шлейермахер Ф. Герменевтика. – Перевод с немецкого А.Л.Вольского. Научный редактор Н.О. Гучинская. – СПб.: Европейский Дом, 2004. – 242 с.
16. Dilthey W. Gesammelte Schriften. Bd. VII, Stuttgart-Göttingen, 1968. – P.3-115.
17. Брандес М.П. Стиль и перевод (на материале немецкого языка). – М: Высшая школа, 1988. – 126 с.
18. Есембеков Т.О. Көркем мәтінді талдау негіздері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 132 б.

УДК 81'255.2

ӘР ТИПТЕС ТІЛДЕРДЕГІ ҚАРАТПА СӨЗДЕРДІҢ АУДАРМАДА БЕРІЛУІ

Беркімбай Айгерім Сәкенқызы

d_amirkhan@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Б.Н. Сүлейменова

Тіл және мәдениет өзара тығыз байланысады. Олардың ажырамас бірлігі және байланысы көркем шығармаларда және аударма барысында көрініс табады. Тіл және мәдениетті ұштастырып, тығыз байланысын көрсететін ерекше тілдік бірліктердің топтары бар. Бұл топқа қаратпа сөздер де жатады. Қаратпа сөздер аударма барысында қиындық туғызатын, ұлттық нақышты дөп басып көрсететін ерекше сөздер тобы.

Аталған жұмыс қазіргі замандағы лингвистика және аударматану саласындағы өзекті мәселелердің бірі – ағылшын және қазақ тіліндегі қаратпа сөздердің аудармада берілуі